нәтижесін бағалауға мүмкіндік беретін қағидаттар жасалған; дайын дәрілік заттар өндірісі бойынша фармацевтикалық зауыт құрылысының концептуальды жобасы жасалған.

Жалпы диссертациялық жұмыс бес тараудан құрастырылды. Бірінші тарауда ТМД мен шет елдердегі фармацевтикалық кәсіпорын дамуының теориялық негіздері қаралған. Екінші тарауда жобаларды басқару жүйесі қалыптастырылған. Үшінші тарауда фармацевтикалық кәсіпорын дамуы жобаларын басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы жасалған. Төртінші тарауда Қазақстандық фармацевтикалық компаниялардың дамуы бойынша қызметіне жобалық әдіснама модификациясын енгізудің алгоритмі құрылған. Бесінші тарауда дайын дәрілік заттар өндірісі бойынша фармацевтикалық зауыт құрылысының концептуальды жобасы жасалған.

Тулемисов С.К. диссертациялық зерттеу материалдары «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша бакалавриатта, магистратурада және PhD докторантурада білім беру үшін фармацевтикалық кәсіпорынды дамытудағы жобаларды басқару бойынша лекция мен тәжірибелік сабақтарда талқылау тақырыбы, және де Қазақстан Республикасында фармацевтикалық өндірісті құрудың инновациялық және инвестициялық жобаларын жасау кезінде фармацевтика саласының мамандарымен қолданысқа ие бола алады.

Диссертацияның негізгі нәтижелері отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, Thomson Reuters және Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық басылымдарда, Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынылған ғылыми баспаларда жарық көрген.

Тулемисов С.К.PhD докторантурада білім алып, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсене айналысқан кезінде өзін еңбекқор, білгір, сауатты, талапкер, әртүрлі ақпарт көздерінен алынған мәліметтерді сыни талдауға, осындай талдау негізінде қорытындыларды жасауға қабілетті, өз